

**Қазақстан Республикасы Парламентінің инженерлік орталығын Сенат пен Мәжілістің мәжіліс залдарын жарақтандыру үшін әкелінетін жабдықтарға қосылған құнға салық төлеуден босату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 9 сәуір N 413

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығының 61-бабының 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ Парламенттің инженерлік орталығы Сенат пен Мәжіліс залдарын жарақтандыру үшін жабдықтарды республикалық бюджет есебінен сатып алатынын ескеріп, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы Парламентінің инженерлік орталығы Сенат пен Мәжілістің мәжіліс залдарын жарақтандыру үшін PHILIPS COMMUNICATION & SECURITY N 557.95.014.501 фирмасымен 1995 жылғы 11 қарашадағы контракт бойынша әкелінетін жабдықтарға және олардың босалқы бөлшектеріне қосылған құнға салық төлеуден босатылсын.

2. Осы қаулы аталған контракт бойынша жабдықтарды жөнелткеннен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі